



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

13.03.2018 ж.

Костанай қаласы

№

69

г. Костанай

## Банкроттық басқарушыны шеттету туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 10-тармағына және 15-бабының 3) тармақшасына сәйкес, 2018 жылғы 26 ақпандағы (БСН 030240004400) "Фирма "Әділ 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттық басқарушы Толеухан Галымович Иманкулов кредиторлар жиналысының шешіміне байланысты "Фирма "Әділ 2030" ЖШС-ның мүлкін және істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Т.Г. Иманкуловқа үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А.Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Жақанов